

Шемонаиха ауданындағы Сильков сайындағы Безымянный бұлағы мен Артемьев кен орнындағы Ауа бергіш-клетті оқпанының тұстамасындағы Артемьев Ключ бұлағының су қорғау аймақтарын және су қорғау белдеулерін белгілеу туралы

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2015 жылғы 30 желтоқсандағы N 364 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 22 қаңтарда N 4360 болып тіркелді

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі Су кодексінің 39, 116, 125, 145-1-баптарына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 27-бабы 1-тармағының 8-1) тармақшасына, "Шемонаиха ауданындағы Сильков сайындағы Безымянный бұлағы мен Артемьев кен орнындағы Ауа бергіш-клетті оқпанының тұстамасындағы Артемьев Ключ бұлағының су қорғау аймақтарын және су қорғау белдеулерін белгілеу" жобасына сәйкес және су объектілерін тиісті санитарлық-гигиеналық және экологиялық талаптарға сәйкес жағдайда ұстау мақсатында, жер үсті суларының ластануын, қоқыстануын және сарқылуын болғызбау, сондай-ақ өсімдіктер мен жануарлар дүниесін сақтау үшін Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мыналар:

1) осы қаулыға қосымшаға сәйкес Шемонаиха ауданындағы Сильков сайындағы Безымянный бұлағы мен Артемьев кен орнындағы Ауа бергіш-клетті оқпанының тұстамасындағы Артемьев Ключ бұлағының су қорғау аймақтары мен су қорғау белдеулері;

2) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Шемонаиха ауданындағы Сильков сайындағы Безымянный бұлағы мен Артемьев кен орнындағы Ауа бергіш-клетті оқпанының тұстамасындағы Артемьев Ключ бұлағының су қорғау аймақтары аумағында шаруашылық пайдаланудың арнайы режимі және су қорғау белдеулері аумағында шектеулі шаруашылық қызметі режимі белгіленсін.

2. Шығыс Қазақстан облысы табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы (М. М. Құсаинов) "Шемонаиха ауданындағы Сильков сайындағы Безымянный бұлағы мен Артемьев кен орнындағы Ауа бергіш-клетті оқпанының тұстамасындағы Артемьев Ключ бұлағының су қорғау аймақтары мен белдеулерін белгілеу" жобасын Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген құзыретіне сәйкес шаралар қабылдау үшін Шемонаиха ауданының әкіміне және мемлекеттік жер

кадастрында есепке алу және су қоры мен жер ресурстарының пайдаланылуына және қорғалуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру үшін арнайы уәкілетті мемлекеттік органдарға берсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Д. М. Мусинге жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Шығыс Қазақстан облысының әкімі
"КЕЛІСІЛДІ"

Д. Ахметов

Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы министрлігі

Су ресурстары комитетінің

Су ресурстарын пайдалануды реттеу

және қорғау жөніндегі Ертіс бассейндік

инспекциясының басшысы

2015 жылғы "31" желтоқсан

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрлігі

Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің

Шығыс Қазақстан облысы тұтынушылардың

құқықтарын қорғау департаментінің басшысы

2015 жылғы "31" желтоқсан

Р. Сүлейменов

Ф. Сүлейменов

Шығыс Қазақстан облысы
әкімдігінің 2015 жылғы
"30" желтоқсандағы № 364
қаулысына қосымша

Шемонаиха ауданындағы Сильков сайындағы Безымянный бұлағы мен Артемьев кен орнындағы Ауа бергіш-клетті оқпанының тұстамасындағы Артемьев Ключ бұлағының су қорғау аймақтары мен су қорғау белдеулері

Су объектісі	Қаралып отырған ұзындық, км		Су қорғау аймағы			Соның ішінде су қорғау белдеуі		
	бұлақтардың	жағалау сызығының	шекарасының ұзындығы, км	ауданы, га	ені, м	шекарасының ұзындығы, км	ауданы, га	ені, м
1	2	3	4	5	6	7	8	9
Безымянный бұлағы	0,8	0,8	екі бұлақ үшін ортақ 0,8	екі бұлақ үшін ортақ 39,8	екі бұлақ үшін ортақ 420-520	0,9	3,1	35 - 50
	1,8	1,8	1,2	51,0	500	1,7	9,3	40 - 35 - 80

Артемьев Ключ бұлағы								- 35 - 55
Соның ішінде барлығы	2,6	2,6	2,0	90,8	420-520	2,6	12,4	35 - 80

Ескертпе:

Су қорғау аймақтары мен су қорғау белдеулерінің шекаралары мен ені бекітілген "Шемонаиха ауданындағы Сильков сайындағы Безымянный бұлағы мен Артемьев кен орнындағы Ауа бергіш-клетті оқпанының тұстамасындағы Артемьев Ключ бұлағының су қорғау аймақтары мен су қорғау белдеулерін белгілеу" жобасының картографиялық материалында көрсетілген.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК